
	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 1 бет</p>


**Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы
2022 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	ПОП-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 2 бет

МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ережелер
2. Академиялық ұтқырлықты үйлестіру
3. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру
4. Қосымша 1 [Өтініш үлгісі]
5. Қосымша 2 [Оқу кестесінің үлгісі]
6. Қосымша 3 [Қалпына келтіру туралы өтініш үлгісі]
7. Қосымша 4 [Ұсыну үлгісі]
8. Қосымша 5 [Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша іріктеу критерийлері]

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	п 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 3 бет

Глоссарий

1) **Академиялық ұтқырлық** – бұл білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңге (оған оқу немесе өндірістік тәжірибеден өту де кіреді), әдетте, семестр немесе оқу жылы, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) білім алу немесе зерттеулер жүргізу үшін ауысуы, міндетті түрде өз оқу орнында бекітілген тәртіп бойынша игерілген білім беру бағдарламаларының кредит түрінде қайта есептелуі.

2) **Оқу кезеңі** – білім беру ұйымы үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсанда дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі.

3) **Еуропалық трансферт** (ауыстыру) және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS) – бұл білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттерді (зачеттық бірліктерді) тағайындау тәсілі, оның көмегімен білім алушылардың меңгерген оқу пәндерін (кредиттер мен бағаларымен бірге) білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін өзгерту кезінде салыстыру және қайта есептеу жүзеге асырылады.

4) **Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** - үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары


5) **Кредит** -білім алушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

6) **Үлгілік оқу жоспары** -білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

7) **Транскрипт** – бұл тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің тізімін, кредиттер мен бағалардың әріптік және сандық мәнде көрсетілуін қамтитын қорытынды құжат. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу кезінде қазақ/орыс тілдерінде, ал сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу кезінде ағылшын тілінде толтырылады.

8) **Эдвайзер** -тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (ЖОЖ қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

9) **Элективті пәндер** – бұл оқу орны белгілеген кредиттер шегінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, белгілі бір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін және жоғары оқу орнының қалыптасқан ғылыми мектептерін ескеретін оқу пәндері.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>п 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 4 бет</p>

Қысқартулар

Осы құжатталған рәсімде мынадай қысқартулар қолданылды :

Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА. — Т.Қ. Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

СМЖ — сапа менеджменті жүйесі

СБ ж АҰБ — сыртқы байланыстар және академиялық ұтқырлық бөлімі

ҚР БҒМ — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР СІМ — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ПОҚ — профессор-оқытушылар құрамы


ОПҰЖМҚ — оқу процесін ұйымдастыру және мониторингілеу қызметі

ҒЗО — Ғылыми зерттеу орталығы

ЖООКБББ — Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі

ҚР — Қазақстан Республикасы

-
-
-
-

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 5 бет

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Аталмыш Ереже Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында (бұдан әрі - Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА) білім алушылардың, ПОҚ және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың жалпы тәртібін анықтайды және білім сапасын арттыру, шетелдік және қазақстандық университеттер мен жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және нығайту мақсатында әзірленген..

2. Шетелдік іссапарлардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында Т.Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-да тұрақты негізде шетелге шығу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жұмыс істейді. Комиссияны құру және оның қызметін ұйымдастыру тәртібі ҚР БҒМ, ҚР МСМ тиісті құжаттарымен және Академияның нормативтік актілерімен регламенттеледі.

3. Университеттің ПОҚ мен білім алушыларының академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша университеттің бюджет және/немесе бюджеттен тыс қаражаты есебінен, сондай-ақ шақырушы тараптың қаражаты есебінен немесе өз қаражаты есебінен жақын және алыс шет елдерге барлық сапарлары комиссияның шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.


4. Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына, өз жоғары оқу орнында меңгерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде қайта есептеумен ел ішіндегі немесе шетелдегі басқа жоғары оқу орнына білім алу үшін ауысуы, немесе басқа жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруы; білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің шетелдегі жоғары оқу орындарында зерттеулер жүргізу және тағылымдамадан өту үшін 10 күннен 1 оқу жылына дейінгі мерзімге ауысуы.

5. Академиялық ұтқырлық нысандары: білім беру тағылымдамасы, ғылыми тағылымдама:

- *Білім беру (академиялық) тағылымдама* – бұл білім алушының жеке жоспары немесе халықаралық (соның ішінде бірлескен) білім беру бағдарламасы негізінде оқыту, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау, онда басқа отандық немесе шетелдік жоғары оқу орнында меңгерілуі жоспарланған пәндер көрсетіледі..

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 6 бет</p>

- *Ғылыми (зерттеу) тағылымдама* – дипломдық жұмыс, диссертация, монография жазу және/немесе оқулық, оқу құралын дайындау үшін басқа жоғары оқу орындары мен елдердің кітапхана қоры мен басқа да ресурстары негізінде ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік сипаттағы ақпарат пен материалдарды жинау, талдау қызметі.
- *Академиялық ұтқырлық түрлері:* жеке, топтық (ұжымдық), ішкі (ел ішінде) академиялық ұтқырлық, сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық, кіріс (халықаралық) академиялық ұтқырлық, қысқа мерзімді академиялық ұтқырлық және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық.
- *Жеке академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушының белгілі бір мерзімге басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге (өз елінде немесе шетелде) оқу, оқыту, зерттеу жүргізу немесе біліктілікті арттыру мақсатында ауысуы (меңгерілген білім беру бағдарламаларын өз оқу орнында міндетті түрде кредит түрінде қайта есептеумен немесе ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық кезінде басқа оқу орнында оқуын жалғастырумен);
- *Топтық (ұжымдық) академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушылардың белгілі бір мерзімге оқытушының жетекшілігімен немесе топ құрамында өз бетімен басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге (өз елінде немесе шетелде) оқу, оқыту, зерттеу жүргізу немесе біліктілікті арттыру мақсатында ауысуы (меңгерілген білім беру бағдарламаларын өз оқу орнында міндетті түрде кредит түрінде қайта есептеумен немесе ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық кезінде басқа оқу орнында оқуын жалғастырумен);
- *Ішкі академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге/оқу жылына) Қазақстандағы басқа жоғары оқу орнына оқу немесе зерттеу жүргізу үшін ауысуы, меңгерілген білім беру бағдарламаларын өз оқу орнында міндетті түрде кредит түрінде қайта есептеуді немесе басқа оқу орнында оқуын жалғастыруды қамтиды.
- *Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) шетелдегі жоғары оқу орнына оқу немесе зерттеу жүргізу үшін ауысуы, меңгерілген білім беру бағдарламаларын өз оқу

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	пор-1.41-2017
		Редакция №2 27.01.2022 ж.
<p align="center"><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>		25 бет. 7 бет

орнында міндетті түрде кредит түрінде қайта есептеуді немесе басқа оқу орнында оқуын жалғастыруды қамтиды.

- *Кіріс (халықаралық) академиялық ұтқырлық* – бұл шетелдік оқу орындарының білім алушыларының оқу, зерттеу жүргізу және тағылымдамадан өту үшін 10 күннен 1 оқу жылына дейінгі мерзімге ауысуы (ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық кезінде білім беру бағдарламаларын кредиттер мен бағалармен меңгеру).
- *Қысқа мерзімді академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушылардың шетелдік оқу орындарына немесе шетелдік оқу орындарынан 10 күннен 4 айға дейінгі мерзімге ауысуы.
- *Ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық* – бұл білім алушылардың шетелдік оқу орындарына немесе шетелдік оқу орындарынан 4 айдан 1 оқу жылына дейінгі мерзімге ауысуы.

6. Ақпараттық пакет – бұл мемлекеттік, ағылшын немесе орыс тілдерінде ұсынылатын курс каталогы. Ақпараттық пакет жоғары оқу орнының академиялық, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми қызметінің ең маңызды салаларын сипаттайды және қосымша ақпаратты қамтиды (спорттық-массалық іс-шаралар, мәдени-демалыс қызметтері, материалдық-техникалық база).


7. Университет білім алушыларының шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуға, ғылыми іссапарға және тағылымдамадан өтуге құқығы бар.

8. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету мен іске асырудың мақсаттары, міндеттері мен жалпы ережелері Болон декларациясының негізгі қағидаттарына сәйкес келеді.

9. Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА білім алушыларының академиялық ұтқырлығы ЖОО аралық шарттар/келісімдер немесе бірлескен жобалар шеңберінде жүзеге асырылады: ішкі академиялық ұтқырлық үшін ЖОО-ны жіберетін және қабылдайтын білім алушының үшжақты келісімі/шарты және халықаралық академиялық ұтқырлық үшін шақыру.

2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУ

1. Академиядағы академиялық ұтқырлықты үйлестіру мақсатында жалпы университет бойынша және факультеттерде ECTS үйлестірушілері тағайындалады. Академияның академиялық ұтқырлық координаторы немесе академия бойынша ECTS координаторы, СБ және АҰБ арқылы ECTS

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 8 бет</p>


принциптері мен механизмдерінің сақталуын қамтамасыз етеді және академияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің координаторларының жұмысын үйлестіреді және бақылауға алады. Факультеттердегі академиялық ұтқырлық және ECTS координаторлары декан орынбасарлары мен кафедра меңгерушілері болып табылады. Академия мен факультеттердегі ECTS координаторлары білім алушылар мен ПОҚ-ды ECTS-тің практикалық және оқу аспектілері, сондай-ақ академиялық ұтқырлық мәселелері бойынша кеңес береді.

2. Т.Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-да халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларын үйлестіруді және мониторингті университетаралық келісімдер, шетелдік оқу орнын оқытуға және шақыруға арналған үшжақты шарт (Learning Agreement) негізінде СБ және АҰБ академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету бөлімі жүзеге асырады. Бұл ретте серіктес университет және оның білім беру бағдарламалары өз елінде аккредиттелген болуы және аккредиттелген білім беру ұйымдарының және аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілуі тиіс.

3. Ішкі академиялық ұтқырлықты үйлестіру мен мониторингті ЖОО аралық келісімдер, білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу жоспарларын келісу негізінде СБ және АҰБ жүзеге асырады. Білім алушылардың өтінімдері негізінде бағдарлама үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша басқа ЖОО мен ынтымақтастық туралы шарт жасасуды ұйымдастырады.

3.1. Сондай-ақ:

- білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізеді және білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бойынша әріптес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шарттар жасасуды ұйымдастырады;
- кафедралармен бірлесіп академиялық ұтқырлықтың жоспарланған кезеңіне арналған пәндердің толық тізбесін көрсете отырып, шетелдік оқу орнының шақыру хаттарын алуды ұйымдастырады;
- үміткер (білім алушы) мен екі ЖОО арасында шетелдік оқу орнында оқуға арналған үшжақты шартты (Learning agreement) ресімдейді;
- білім алушылар арасында академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқыту мүмкіндіктері туралы кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- академиялық ынтымақтастық туралы келісімі бар серіктес жоғары оқу орындарының ішінен (басшылықпен келісу бойынша жекелеген

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 9 бет

жағдайларды қоспағанда) ЖОО-ны (ел ішінде немесе шетелде) таңдауда білім алушыларға жан-жақты көмек көрсетеді;

- академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін үміткерлерді конкурстық іріктеуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру мыналар есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

- республикалық бюджет қаражаты;
- Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-ның бюджеттен тыс қаражаты;
- ұлттық компаниялардың, әлеуметтік әріптестердің, халықаралық қорлардың гранттары;
- қабылдаушы Тараптың қаражаты, оның ішінде халықаралық ұйымдар мен жеке қорлардың гранттары;
- білім алушылардың жеке қаражаты.

5. Халықаралық академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудың негізі шетелдік университеттен ресми шақыру және қабылдайтын университетпен қол қойылған үшжақты келісім (Learning Agreement) болып табылады (ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық үшін).

6. Шетелге академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шығатын білім алушылар жеке оқу жоспарында көрсетілген пәндерді меңгеруі тиіс.

7. Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-да білім алушылар игеретін кредиттер саны жеке оқу жоспарында бекітілген кредиттердің 50% - нан аспауы тиіс.


8. Профессор-оқытушылар құрамы оқу процесін оқу-әдістемелік материалдармен уақтылы және сапалы қамтамасыз етуге жауапты болады.

9. Бітіруші кафедра меңгерушісі білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларының іске асырылу барысына тұрақты талдау жүргізеді, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша іссапарға жіберілген білім алушылардың шетелдік іссапардың жеке жоспарларын орындауына мониторингті қамтамасыз етеді.

10. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік іссапарды ресімдейтін адамның әрбір өтінішін шетелге шығу жөніндегі комиссия жеке қарайды.

11. Республикалық бюджет есебінен шығатындар үшін конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері:

- Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да бір академиялық кезеңнің аяқталуы, "А", "А -", "В+", "В", "В -" және GPI үлгерімі кемінде 3,5 балл;

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 10 бет</p>

- Шет тілін еркін меңгеру:
- бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін TOEFL сертификаты, шекті деңгейі 437 (жазбаша), 123 (СВТ), 41 (iBT) төмен емес немесе IELTS сертификаты, шекті деңгейі 5.5 төмен емес немесе қажет болған жағдайда басқа шет тілін меңгергені туралы баламалы сертификат;
- оқуға арналған үшжақты келісімнің (Learning agreement) болуы (ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық кезінде).

12. Бекітілген оқу жоспарын, ғылыми немесе оқу тағылымдамасын орындамау немесе бюджет қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау студентті жауапкершілікке тарту және пайдаланылған бюджет қаражатын қайтару үшін негіз болып табылады.

13. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру бакалавриаттың 2-4 курс білім алушылары үшін, магистратурада білім алушылар үшін - оқу бейіні мен мерзімдеріне сәйкес ұсынылады.

14. Білім алушының сыртқы ұзақ мерзімді ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуын растайтын қорытынды құжат қабылдаушы жоғары оқу орны беретін, оқуды жүзеге асырған, ағылшын тілінде толтырылатын шетелге іссапарға жіберу қағидаларында белгіленген нысан бойынша оқыту туралы транскрипт болып табылады.

15. Оқу туралы транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер (пәннің коды), пәннің атауы, пәнді оқу ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқу үшін баға (ұлттық шкала және ECTS шкаласы бойынша), берілген ECTS кредиттерінің саны енгізіледі.

16. Шет елге іссапарға/тағылымдамаға шығатын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыға іссапарда/тағылымдамада болған барлық уақытта толық көлемде стипендия сақталады.

17. Кафедралар ПОҚ штаттық кестесін қалыптастыру және педагогикалық жүктемені бөлу кезінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шетелдегі білім алушылар контингентін ескеруі тиіс.

18. Шетелдік іссапардан келгеннен кейін академиялық ұтқырлық және қалпына келтіру бағдарламалары бойынша шетелге шығу үшін жарамсыз деректерді ұсынғаны және құжаттарды бұрмалағаны үшін кафедра меңгерушісі, академияның Әдеп жөніндегі комиссиясының шешімі бойынша



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.41-2017

Редакция №2
27.01.2022 ж.

Ереже

нормативтік құжаттың түрі

25 бет. 11 бет

факультет деканы, сондай-ақ шетелге шығу жөніндегі комиссияның шешімі бойынша білім алушы жауапты болады.

19. СБ және АҰБ қажет болған жағдайда қабылдаушы университетте білім алушылар туралы ақпаратты ауызша немесе жазбаша түрде сұрату құқығын өзіне қалдырады.

3. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Регистрация для участия в Конкурсе осуществляется 2 раза в год:

- күзде (қазан) - ағымдағы оқу жылының көктемгі семестріне;
- көктемде (наурыз) - келесі оқу жылының күзгі семестріне;

Үміткерлерді іріктеудің негізгі критерийлері:

- Білім туралы құжаттың орташа балы және/немесе академиялық кезең аяқталғаннан кейінгі ағымдағы үлгерім (GPI балл кемінде 3,5);
- Ағылшын тілін білу деңгейі Intermediate / Upper Intermediate деңгейінен төмен емес немесе IELTS сертификаты кемінде 5.5 балл, неміс тілі B2-ден төмен емес, корей тілі TOPIС 3 деңгейінен төмен емес;
- Жоғары мотивация;
- Білім алушының жеке қасиеттері, психологиялық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделуі,
- қарым-қатынас дағдылары.

4. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ


Байқау 1 кезеңде өткізіледі:

Ішкі кезең-ұсынылған конкурстық құжаттарды қарау, конкурс шарттарына сәйкес келетін қатысушылар тізімін қалыптастыру. Конкурс шарттарына сәйкес келетін қатысушылар тізімінің ішкі кезеңінің қорытындысы бойынша Академияның ресми сайтында орналастырылады.

1. Ішкі кезеңнен өткен қатысушылар әңгімелесу үшін конкурстық комиссияның отырысына шақырылады.

2. Іріктеуден өткен үміткерлер оқуға кеткенге дейін екі аптадан кешіктірмей қабылдаушы ЖОО нысаны бойынша оқуға (Learning agreement) үшжақты келісім жасайды:

- . Өтініш — шетелде оқуға негіздеме;
- . Шетелге оқуға шығатын Қазақстан Республикасы азаматының белгіленген нысандағы сауалнамасы;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 12 бет

- Денсаулық жағдайы туралы анықтама;
 - Білім беру ұйымының шетелге іссапарға жіберу туралы бұйрығының көшірмесі;
 - Ата-анасының (және/немесе жұбайының) екі айдан астам (18 жасқа толмаған) кезеңге шетелде оқу үшін Қазақстан Республикасының азаматын жіберуге келісімі туралы нотариалды куәландырылған өтініші;
 - Төлқұжаттың көшірмесі;
 - Білім беру ұйымы куәландырған транскрипт көшірмесі.
3. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде оқуға жіберілетін үміткерлердің тізімі Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА интернет-ресурстарында Конкурстық комиссия отырысы өткізілгеннен кейін екі күнтізбелік күн ішінде орналастырылады.

Конкурстық комиссия

Конкурстық комиссияның құрамын СБ және АҰБ басшысы қалыптастырады, жетекшілік ететін проректормен келісіледі және Академия ректоры бекітеді. Конкурстық комиссияның қатарына кіретіндер:

- комиссия төрағасы-оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- Шет тілдер және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

- сыртқы байланыстар және академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы;
- сыртқы байланыстар және академиялық ұтқырлық бөлімінің маманы;
- офис-тіркеушілер бөлімінің басшысы;
- факультет декандары;

4. Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға конкурстан өткен үміткерлерді жіберу мерзімдері әрбір жағдайда оқу еліндегі академиялық кезеңнің басталуына сәйкес жеке айқындалады.

5. Іріктеуден өткен, бірақ оқуға үшжақты келісім, шарт жасаспаған және жеке ісін қалыптастырмаған үміткерлер академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға шығу құқығынан айырылады.

6. Сыртқы ұтқырлықты жүзеге асыру үшін білім алушының өтініші мынадай тәртіппен келісіледі:

- кафедра меңгерушісі; _____
- факультет деканы;
- ЖООКБББ (магистранттар үшін);
- СБ және АҰБ;

7. Ұзақ мерзімді сыртқы академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мақсатында шығатын білім алушылар СБ және АҰБ-не мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- өз қолымен жасалған іссапар туралы ректордың атына өтініш;
- шақырудың көшірмесі (шақыруда болу мерзімі, сапардың мақсаты және оқытылатын пәндер тізімі болуы тиіс);
- ағымдағы транскрипт;
- оқу кестесі (оқу кестесі ЖОМ сәйкес пәндер тізбесін қамтуы тиіс: қабылдаушы университетте оқытылатын пәндер));
- үш жақты оқыту келісімі (Learning agreement);
- шет тілін меңгергені туралы сертификат;
- бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша TOEFL сертификаты, шекті деңгейі 437 (жазбаша), 123 (СВТ), 41 (iBT) төмен емес немесе IELTS сертификаты, шекті деңгейі 5.5 төмен емес немесе "Upper Intermediate" деңгейінен төмен емес ағылшын тілін меңгергенін растайтын білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар тіл орталығының сертификаты, немесе қажет болған жағдайда басқа шет тілін баламалы деңгейде меңгергені туралы сертификат.


8. Ұзақ мерзімді ұтқырлықты жүзеге асыру үшін білім алушының өтініші мынадай тәртіппен келісіледі:

- Кафедра меңгерушісі;
- Факультет деканы;
- ЖООКБББ (магистранттар үшін);
- СБ және АҰБ.

9. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша шығатын білім алушылардың барлық құжаттары СБ және АҰБ-не комиссия отырысына дейін 15 күннен кешіктірілмейтін мерзімде тапсырылады. Комиссияның нәтижелері Комиссия отырысынан кейін сол күні жарияланады.

10. Шетелге шығу жөніндегі комиссия отырысының шешімі негізінде оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметі (бакалавриат үшін) шетелге іссапарға жіберу туралы бұйрық шығарады. Іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесін кеңсе осы процеске қатысушыларға тізілім бойынша таратады.

11. Қабылдаушы ЖОО-да білім алушылар қабылдаушы ЖОО қағидаларына сәйкес әкімшілік қабылдау рәсімдерінен өтеді.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017</p>
		<p>Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>		<p>25 бет. 14 бет</p>


12. Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша шетелге іссапардан оралған білім алушылар үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- ректордың атына шетелдік іссапардан оралуына байланысты қалпына келтіру туралы өтініш (өз қолымен жазылады);
- студентті, магистрантты университет білім алушыларының қатарына қосуды сұрап, факультеттен оралу туралы ұсыныс;
- есепті талқылау нәтижелері бойынша кафедраның/факультеттің Ғылыми кеңесінің қорытындысын қоса бере отырып, кредиттерді қайта есептеу үшін (ұзақ мерзімді сыртқы академиялық ұтқырлық үшін) білім беру іссапары кезеңінде меңгерілген пәндер мен алынған кредиттерді көрсете отырып, факультеттен ректордың атына ұсыныс;
- мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен және оқыту жүзеге асырылған қабылдаушы ЖОО-ның түпнұсқалық транскриптімен оқуды аяқтағаны туралы сертификат;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (06.05.202 жаңартылған) бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында бекітілген нысан бойынша мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен игерілген пәндер және алынған кредиттер туралы транскрипт;
- шетелдік жоғары оқу орындарында зерделенген, құжатпен куәландырылған, қабылдаушы университеттің басшылығы мен оқытушыларының визалары, мөрі бар пәндер силлабустары;
- білім алушының шет елге іссапары туралы жазбаша есебі.

13. Білім алушының шетелдік іссапардан оралу туралы өтініші мынадай тәртіппен келісіледі:

- Кафедра меңгерушісі;
- Факультет деканының орынбасары;
- Факультет деканы;
- Оқу бөлімі (тек кредиттерді қайта есептеу ұсынысына қол қояды);

14. Іссапардан оралғаннан кейін білім алушылар мен ПОҚ 5 (бес) жұмыс күні ішінде бухгалтерияға ақшалай қаражаттың нақты жұмсалған шығыстары туралы аванстық есепті, сондай-ақ кафедрада/факультетте талқыланғаннан кейін сапар қорытындылары бойынша есепті СБ және АҰБ-не (университеттің білім алушылары мен ПОҚ) ұсынуға міндетті.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>ПОП-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 15 бет</p>

15. Ғылыми тағылымдамадан өту және біліктілігін арттыру мақсатында кеткендер үшін негізгі растайтын құжат қабылдаушы ЖОО-да тағылымдама басшысының ұсыным хаты немесе пікірі, курстарды аяқтау туралы сертификат болып табылады. Магистранттар есептің 1 данасын нотариалды куәландырылған көшірмесімен растайтын құжаттарды ЖООКБББ-не тапсырады.

16. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін білім алушы Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-ға келесі академиялық кезең басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей қайта қабылданады.

17. Кредиттер мен бағаларды қайта есептеу үшін Қазақстан Республикасының кредиттерін қайта есептеу кезінде әрбір пән бойынша (практиканың әрбір түрі бойынша) игерілген ECTS берілген кредиттерінің саны Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-ның жұмыс оқу жоспарларындағы кредиттер санына сәйкес келуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, пән (практика) академиялық қарыз болып есептеледі және студент ақылы негізде қосымша семестрде меңгереді.


18. Кредиттерді аудару үшін алынған бағалар қорытынды бақылау емтиханына жіберуді тіркеу және емтихан парағын қалыптастыру үшін тіркеуші кеңсесіне тапсырылады.

19. Т. Қ. Жүргенов ат.ҚазҰӨА-ға шетелдік азаматтарды қабылдау қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

20. Шетелдік білім алушылар академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға түсу үшін СБ және АҰБ-не келесі құжаттарды академиялық кезең басталғанға дейін 30 күн бұрын электрондық пошта, факс немесе жеке өзі жолдайды:

- білім алушының белгіленген нысан бойынша өтініші;
- оқу орнынан анықтама;
- білім туралы ағымдағы транскрипт;
- жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- мотивациялық хат;
- жолдаушы университеттің ұсыныс хаты;

21. Алынған құжаттар негізінде СБ және АҰБ, офис-тіркеушімен және тиісті факультетпен бірлесіп, құжаттарды Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА-да зерделенетін пәндердің сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Оң қаралған жағдайда қабылдаушы және жіберуші университеттердің үйлестірушілері оқуға

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 16 бет</p>

үшжақты келісімге (Learning agreement) қол қояды және қабылдаушы факультет Жеке оқу жоспарын ресімдейді.

23. Жоғарыда аталған құжаттардың негізінде оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметі тиісті оқу курсына қабылдау туралы бұйрық ресімдейді.

24. Академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік білім алушылардың академиялық тәлімгері (эдвайзері) Жеке оқу жоспарының орындалуын бақылайтын және СБ және АҰБ академиялық ұтқырлық бағдарламасының іске асырылу барысы туралы уақтылы хабардар ететін кафедра меңгерушілері болып табылады.

25. Академиялық кезең аяқталғаннан кейін шетелдік білім алушыларға Тіркеуші офісі игерілген оқу бағдарламаларын көрсете отырып, кредиттер түріндегі бағалары бар транскрипт береді.

26. Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қабылданған шетелдік білім алушылар "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келу және болу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету қағидаларының" талаптарын және т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да белгіленген ішкі тәртіпті сақтауға міндетті.

27. Зерттеу жүргізу, тағылымдамадан өту, біліктілігін арттыру және халықаралық конференцияларға/симпозиумдарға қатысу мақсатында шетелдік іссапарды жүзеге асыратын ПОҚ үшін СБ және АҰБ-не шетелге шығу жөніндегі комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- өз қолымен жасалған ректордың атына өтініш;
- шақырту көшірмесі;
- факультеттен шетелге іссапар кезеңіне сабақтарды ауыстыру туралы ұсыныс (ПОҚ үшін);

Шетелдік іссапарды жүзеге асыратын ПОҚ-ның өтініші мынадай тәртіппен келісіледі:

- Кафедра меңгерушісі;
- Факультет деканы;
- Оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметі;
- Бас бухгалтер (ғылыми жобалар есебінен қаржыландыру кезінде);
- Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;
- Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.41-2017

Редакция №2
27.01.2022 ж.

Ереже
нормативтік құжаттың түрі

25 бет. 17 бет

Кететін ПОҚ мен университет қызметкерлері жоғарыда аталған құжаттарды шетелге шығу жөніндегі комиссия отырысына дейін 15 күннен кешіктірілмейтін мерзімде СБ және АҰБ -не тапсырады.

Шетелге шығу жөніндегі комиссия отырысының шешімі негізінде құжаттандыру және персоналды есепке алу қызметі университеттің ПОҚ-на бұйрық шығарады. Бұйрыққа қол қойылғаннан кейін тізілім жөніндегі кеңсе оның көшірмелерін осы процестің барлық қатысушыларына таратады.

Іссапар кезінде қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Егер іссапар мерзімі бір айдан аспаса, жалақы толық көлемде сақталады. Егер іссапар мерзімі бір айдан асса, онда қызметкердің жалақысы сақталмайды, бұл ретте университет әкімшілігі іссапарға жіберілген басқа қызметкердің орнына бүкіл іссапар кезеңіне келісімшарт бойынша қабылдауға құқылы.

28. Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА қызметкері мен шетелдік білім беру мекемесі (шетелдік әріптес) арасында жасалған жеке келісімшарт негізінде немесе жеке сипаттағы шақырулар бойынша кететін Т. Қ. Жүргенов ат. ҚазҰӨА ПОҚ үшін жалақы сақталмайды.

29. Шетелге 1 жылдан астам мерзімге кеткен жағдайда жұмыс орны сақталмайды. Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне бұл ереже қолданылмайды.

Шетелдік іссапардан оралғаннан кейін қызметкер бес жұмыс күні ішінде ақшалай қаражаттың нақты жұмсалған шығыстары туралы аванстық есеп беруге міндетті.


Ішкі кіріс ұтқырлығы жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

30. СБ және АҰБ білім алушылардың өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша басқа ЖОО-мен ынтымақтастық туралы шарт жасасуды ұйымдастырады (өтінімдер беру бағдарлама басталғанға дейін бір ай бұрын қаралады).

31. СБ және АҰБ Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ға жіберуші жоғары оқу орындарының үйлестірушілерімен РУП, төлем және тұру мәселелерін келісу бойынша жұмысты үйлестіреді.

32. Факультеттің ұтқырлық жөніндегі үйлестірушісі декан орынбасарлары немесе Кафедра меңгерушілері болып табылады:

- бітіруші кафедра меңгерушісімен бірлесіп шетелдік білім алушыларға арналған кредиттерді көрсете отырып пәндер тізбесін айқындайды;

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 18 бет</p>

- білім алушы келгеннен кейін күн ішінде келген адамды жатақханаға орналастыру, оқу корпустарына, жатақханаға, кітапханаға кіруді қамтамасыз ету үшін уақытша рұқсаттаманы ресімдеу, куратор-эдвайзерді тағайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

- - куратор-эдвайзермен бірлесіп жіберуші университеттің ресми өкілдерімен білім алушының үлгерімі, тұру шарттары және жеке жоспарын іске асыру және т. б. туралы тұрақты хат алмасуды жүзеге асырады.


- білім алушының ЖОЖ-дағы барлық өзгерістер туралы СБ және АҰБ -не уақтылы хабарлайды.

33. Куратор-эдвайзер келген білім алушыға университеттің академиялық саясатының негізгі ережелерін түсіндіреді, білім алушының жеке оқу жоспарының орындалуын және тұру жағдайларын бақылайды.

Академиялық кезең мен емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін Офис тіркеуші сертификатты тіркеу және ресімдеу үшін куратор-эдвайзерге және факультет деканына және одан әрі — СБ және АҰБ-не бұрыштама қою үшін транскрипт ұсынады.

Шақырылған білім алушы деканатқа барлық визалары мен мөрлері бар айналып өту парағын тапсырғаннан кейін транскрипт пен сертификат алады.

Құжаттар осы құжаттың 1-4-қосымшаларына және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларының 1-8-қосымшаларына (57 академиялық саясат) сәйкес ресімделеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 19 бет

[Өтініш үлгісі]

Қосымша 1

РММ «Т. Қ. Жүргенов
 атындағы ҚазҰӨА» Ректоры
 (Ректордың Т. А. Ж.)
 _____ факультетінің _____курс
 студенті
 (магистранты) Т.А.Ж.

Өтініш

Сізден 202 - 202 ж. _семестрі ішінде ____ университетте(қала, ел) академиялық ұтқырлық бойынша білім беру іссапарына міндетті түрде кредиттерді қайта есептей отырып және стипендияны (мемлекеттік грант бойынша оқу кезінде) 202 ж. бастап (күн, ай) 202 дейін (күн, ай) сақтай отырып, рұқсат беруіңізді сұраймын

Шығыстарды төлеу (республикалық бюджет қаражаты, ұлттық компаниялардың гранттары, халықаралық қорлар, қабылдаушы Тараптың қаражаты, жеке қаражат)есебінен жүзеге асырылады.


Студенттің Т.А.Ж

 (қолы, күні)

Комиссияға дейін бұрыштама қойылады:

- Кафедра меңгерушісі;
- Деканның орынбасары;
- Факультет деканы;
- ЖООКБББ (магистранттар үшін);
- Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметі (бакалавриат үшін).

Комиссиядан кейін қол қойылады:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 20 бет

- Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА ректоры;


[Оқу кестесінің үлгісі]

Қосымша 2

Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА
 _____ факультетінің(к/о, р/о) _ курс студентінің (магистрантының)
 20-20 оқу жылындағы оқу кестесі "
 студенттің Т. А. Ә.

Шетелге іссапар кезінде академияда келесі пәндер оқытылады:

Пәннің атауы	Семестр	Кредиттер саны	ESTC бойынша кредиттер саны	Қабылдаушы университетте оқытылатын пәннің атауы	Қабылдаушы ЖОО-ға кредиттер саны	ESTC бойынша кредиттер саны

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	П 017-1.41-2017
		Редакция №2 27.01.2022 ж.
<p align="center"><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>		25 бет. 21 бет

Келесі пәндер қашықтықтан оқытылады:

Пәннің атауы (Оқу тіліндегі пәннің атауы)	Кредиттер саны	Семестр	Оқытушының Т. А. Ж.	Оқытушының қолы

Қол қоюшылар:

- Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор [қолы]
- ЖООКБББ [қолы]
- Факультет деканы _____ [қолы]
- Кафедра меңгерушісі _____ [қолы]

*ECTS кредиттерін университет кредиттеріне қайта есептеу ECTS кредиттерін әр пән бойынша 1 ECTS кредитінің толтырылуына және білім беру бағдарламаларының деңгейіне байланысты аударым коэффициентіне бөлу арқылы жүзеге асырылады.

РММ « Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА» Ректоры (Ректордың Т. А. Ж.) _____ факультетінің _____курс студенті (магистранты) Т.А.Ж.

Ұсыныс

_____Факультеті _____ мамандығы бойынша _____ курс студенті _____(тегі, аты-жөні) 20_ жылдан бастап 20 __ дейін Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның жұмыс жоспарына сәйкес _____ университетте (атауы, елі, қаласы) білім беру іссапары кезеңінде _____ мамандығы бойынша меңгерген пәндердің сәйкестігін растайды

Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА ЖББ бойынша Пәннің атауы	Шетелдік ЖОО пәндерінің атауы	Пән түрі	ESTC бойынша кредиттер саны	ҚР бойынша кредиттер саны	Сертификат бойынша балл саны	Оқу жетістіктерін бағалау

Қол қою:


- Кафедра меңгерушісі
- Факультет деканы

Виза :

- Оқу процесін ұйымдастыру және мониторингілеу қызметінің басшысы (бакалавриат студенттері үшін);
- ЖООКБББ (магистранттар және докторанттар үшін);

Рұқсат етеді:

- Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>	<p>25 бет. 23 бет</p>

- Ректор

Қосымша 4

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша іріктеу критерийлері

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Конкурсқа қатысуға т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА — ның білім алушы мәртебесін шетелдік жоғары оқу орындарына барған кезде сақтайтын білім алушылар (студенттер мен магистранттар), 2-ші семестрден 6-8 семестрге дейінгі білім алушы студенттер (құжаттарды тапсыру сәтінде оқытудың соңғы семестрінің студенттері қаралмайды) жіберіледі, 2-ші семестрден 3 семестрге дейін білім алатын магистранттар (құжаттарды тапсыру сәтінде оқудың соңғы семестрінің магистранттары қаралмайды)

Конкурсқа қатысу үшін тіркеу жылына екі рет жүзеге асырылады:


- күзде (қазан) - ағымдағы оқу жылының көктемгі семестріне,
- көктемде (наурыз) - келесі оқу жылының күзгі семестріне

Үміткерлерді іріктеудің негізгі критерийлері:

- Үлгерім баллы-орта деңгейден жоғары (3,5 GPI баллдан кем емес), транскриптті қоса бере отырып тіркеу кеңсесі үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын);
- Ағылшын тілін білу деңгейі **Intermediate** деңгейінен төмен емес немесе IELTS сертификаты кемінде **5.0** балл, неміс тілі **B2**-ден төмен емес, корей тілі **TOPTC 3** деңгейінен төмен емес;
- Білім алушының жеке қасиеттері, психологиялық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделуі, коммуникабельділігі.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер конкурстық комиссияға мынадай құжаттарды тапсырады:

- - білім алушының белгіленген нысан бойынша өтініші (СБ және АҰБ-нен алу)

	<p style="text-align: center;">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>П 017-1.41-2017</p>
		<p>Редакция №2 27.01.2022 ж.</p>
<p><u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі</p>		<p>25 бет. 24 бет</p>

- - белгіленген нысан бойынша шетелге оқуға баратын ҚР азаматының толтырылған сауалнамасы (СБ және АҰБ-нен алу);
 - - шетелде оқуға мотивациялық негіздеме;
 - - Жеке оқу жоспары;
 - - ұсыныс хат (шебердің/басшының/куратордың қолымен расталған) қазақ тілінде немесе орыс тілінде, ағылшын тіліне аудармасы бар (еркін нысанда жазылады);
 - - транскрипт;
 - - тіл біліуі туралы сертификаты (бар болса);
 - - төлқұжаттың көшірмесі;
 - - медициналық анықтама (0826 формасы);
 - - шетелдік ЖОО-ның ресми шақыруының көшірмесі (бар болса); - фото —3*4, 2 дана;
- академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға жіберуге үміткердің ата-аналарының (қамқоршыларының, заңды өкілдерінің) екі айдан астам кезеңге (18 жасқа толмаған адамдарға) жазбаша келісімі;


Қаржыландыру шарттары:

2018 жылға арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі №2145 бұйрығына сәйкес (24.12.2018 ж. өзгертулермен) Заңда және нормативтік актілерде белгіленген шектерде қаржы қаражатын бөледі:

- 120 күн тұру (Еуроодақ елдері тәулігіне 15\$, ОВ Азия тәулігіне 28,5\$); оқу орнына дейін және кері қайту (Еуроодақ елдері 600\$, ОВ Азия 1218\$);
- визаны ресімдеу және медициналық сақтандыру (Еуроодақ елдері 200 аз, ОШ Азия 300\$);
- шығыстардың өзге түрлері білім алушының өз қаражатынан жабылады.

Байқау кезендері:

1. Тілді білуге арналған Конкурс;
2. Қажетті құжаттар пакетін қабылдау;
3. Құжаттарды іріктеу критерийлеріне сәйкестігін қарау;
4. Конкурс нәтижелерін жариялау;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.К. ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.41-2017 Редакция №2 27.01.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	25 бет. 25 бет

5. Визаға құжаттаманы ресімдеу (Оқу елінің консулдығының/Елшілігінің талаптарына сәйкес құжаттар.